

Мұхтар Мағауин – жиырма алты томдық

Мұхтар Мағауин шығармаларының жиырма алты томдық «Толық жинағы» Қазақстанда басылып шықты. Осыдан төрт жыл бұрын ғана, Америка Құрама штаттары, Мэриленд, Силвер Сприң қаласында, «Magauin Publishing» баспа үйі арқылы, атақты қаламгердің сексен жасы, алпыс жылдық шығармашылық қызметінің мерейлі қорытындысы ретінде шектеулі таралыммен жиырма бес томдық шыққан еді. Мына жаңа басылым осы өткен томдықтарды ешқандай өзгеріссіз, қаз-қалпында қайталайды. Бар айырма – жақында ғана жазылып біткен «Алтын Орда» шежіресі.

Толық жинақ жанрлық, хронологиялық негізде түзілген. Әрбір кітаптың көлемі 550-650 беттен. Төл мәтіндер соңында дәйектеме түсініктер берілген. Жалпы тиражы – 2 мың данадан.

Алғашқы үш том – әңгімелер.

Оның ішінде Бірінші том – «Әуелгі әңгімелер», «Өткінші әңгімелер», «Иесіз әңгімелер», «Доңыз жылғы балалық» аталатын топтамалардан құралған. Атап айтқанда, жиырма жаста жазылған «Бір уыс бидай», «Тіленші», жиырма бір жастағы «Кешқұрым», «Әйел махаббаты» әңгімелерінен басталып, тәуелсіздік қарсаңы, 1990 жылы жарыққа шыққан «Пүркоралдың көк аты», «Ең әділ сайлау», «Тас-судан өткен қашқындар», «Әбдіғаппар сері», «Абақтыда өлген Уан атам» дейтін әңгімелермен түйінделген.

Әңгімелердің Екінші томы – тәуелсіздік замандағы азат қаламгердің жаңа бір тұрпаты. «Еркіндік бастауындағы екі әңгіме», «Тамыздан соңғы әңгімелер», «Одағай әңгімелер», «Және одағай әңгімелер» топтамасы. Таратып айтқанда: «Салах-ад-Диннің үкімі», «Коммунистік реализмнен» басталып, «Ұлт-аралық жанжал», «Қасқыр-Бөрі», «Сұрқөжек аттың соңғы шабысы», «Травеннің әңгімесі», «Қос ағаш», «Құмырсқа-қырғын» және осылар қатарлас тағы қаншама әңгіме.

Үшінші том – «Әдепкі әңгімелер», «Әрқилы әңгімелер», «Талайсыз әңгімелер», «Оқшау әңгімелер» аталатын топтамалардан құралған. Жіктеп атасақ: «Бір нәзік сәуле», «Эльза жеңешем», «Келде-мұнара», «Бесінші түлік», «Он жеті әйел алған Исақан ағам», «Түйеші Қамбар», «Өлі мен тірі» қатарлы әңгімелер. Бұл кітап «Құждың қу жілігі» аталатын әңгімемен түйінделеді.

«Толық жинақтың» келесі жеті кітабы – романдар мен хикаяттар.

Бұл қатарда Төртінші том – қаламгердің 1971 жылы жазылған алғашқы романы «Көк мұнар» және содан бұрынғы һәм кейінгі «Тазының өлімі», «Қара қыз», «Бір атаның балалары» деген хикаяттар.

Бесінші том – «Көкбалақ» романы және «Өмір жыры», «Жыланды жаз», «Жүйрік» қатарлы хикаяттар.

Алтыншы, Жетінші томдар – «Аласапыран» тарихи дилогиясы. Бұл – бір тарабы Москва, екінші қиыры Пекин мен Берлинде басылған, авторына Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық әперген атақты романның түпнұсқа – қазақ тілінде тоғызыншы мәрте басылымы екен.

Сегізінші том – советтер заманында жазылып, жарыққа жеткен «Шақан-Шері», «Сары қазақ» романдары және тәуелсіздік кезеңінде еркін қаламға түскен «Шипалы Арасан», «Қисық ағаш», «Оңғақ» хикаяттары.

Тоғызыншы том – «Мен» дилогиясы: «Шытырман», «Қия жолдар» аталатын ғұмырбаяндық екі роман.

Оныншы том – өзгеше бітімді «Қыпшақ аруы», «Кесік бас – тірі тұлұп хикаяты», «Жармақ» романдары.

Сонымен, бастапқы он том құрамында әрқилы тақырып, сан салалы әдеби тәсілмен жазылған сексен жеті әңгіме, он хикаят, он бір роман топталып отыр. Мұхтар Мағауиннің биік өрелі прозасы.

«Толық жинақтың» келесі он алты томы – әдебиеттану, тарих тарабындағы ғылыми зерттеулер мен мемуар, көсемсөз, аударма үлгілері. Таратып айтайық.

Он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші томдар – «Шыңғыс хан» тарихи тетралогиясы. Он бесінші том – «Шыңғыс ханның» тікелей жалғасы есепті, танымдық тауарих аталған «Алтын Орда».

Он алтыншы том – әдебиет тарихына қатысты зерттеулер: жас ғалымның жиырма бес жасында жазылып, атағын шығарған және алдынан сара жол ашқан «Қобыз сарыны» монографиясы һәм «Ғасырлар бедері» деген атаумен жинақталған тетелес ғылыми еңбектер.

Он жетінші том – бұрнада үш қайтара кітапқа шыққан «Тасқа басылған қолжазбалар» – әдеби сын.

Он сегізінші том – ғылыми зерттеулер: Бұқар-жырау, Шортанбай мен Мұрат, Абай мен Шәкерім және Жамбыл. Сонымен қатар, ағымдағы әдеби сын үлгілері.

Он тоғызыншы том – «Қазақ тарихының әліппесі» және тәуелсіздік заманның алғашқы жылдарында жазылған, «Ұлттың күре тамыры» деген тақырыппен топталған көсемсөз үлгілері.

Жиырманшы том – жазушының жас шағы – 1968, 1973 жылдарда жасалған аудармалар: Хаггардтың «Сүлеймен патшаның кеніші» романы және Сомерсет Моэмнің таңдама тоғыз әңгімесі.

Жиырма бірінші томның бастапқы жартысы – кітап ішіндегі кітап: «Күнфудзының даналық дәрістері» аталады. Ханзу жұртының ұлы ойшылы Күнфудзының философиялық «Кеңес пен толғам» ғақылия кітабының өзгеше тәржімасы және толымды зерттеу мақала мен ғұмырбаян, түсініктемелер. Сонымен қатар, бұл томда қазақ тарихындағы Шыңғыс хан, Абылай хан, Кенесары хан, Бердіқожа батыр және Кеңгірбай би, Жобалай би, Құнанбай қажы, Құрманғазы мен Абайға, Мұхтар Әуезовке қатысты шағын эсселер, ең ақыры – «Ешкі жетектеген екеу» атты, Шыңғыс хан тарихына қатысты көлемді мақала.

Жиырма екінші том – әйгілі «Ұлтсыздану ұраны» және бүгінгі күн тақырыбындағы «Кейісті мақалалар», «Оқшау мақалалар» атты топтамалар. Және «Қарымта» деген ортақ тақырыппен жинақталған бес мақала: негізінен 2002-2006, бірнеше жыл бойы Мұхаңа қарсы жаппай жүргізілген, жалалы, былғаныш науқанға қаламгердің өзіндік реакциясы көрініс тапқан амалсыз жазбалар. Мұхтар Мағауиннің ғұмырбаяны ғана

емес, сол кезеңдегі әдеби және рухани ахуал туралы дерек беретін дәйектемелер ретінде қатарға қосылды.

Жиырма үшінші том – эмиграция кезеңіндегі көсемсөз. Бастапқы «Қазақсыз Қазақстан» аталатын топтама құрамындағы «Қан төгілді» – 2011 жылғы Жаңа-Өзен қырғынына байланысты, оқиғаның ізін суытпай жазылған суреттеме һәм айыптау лепес. «Ғаламат апат шындығы» – 1931-1933 жылдарғы қазақ ашаршылығы, себеп-салдары мен бүгінгі зардабы. Ал «Қазақсыз Қазақстан» дейтін көлемді толғам – Назарбаев билігі жеткізген сұмдық пен ұлтқа қарсы қылмыс, қазақтың елі мен жері, қазына байлығының жойдасыз тонауға ұшырауы, рухани жұт және саяси қысым турасында. Бұл томда Шәкерімнің ғұмырбаяны мен мұрасы туралы көлемді екі зерттеу мақала және алаш арыстары: Міржақыпқа, Мағжанға, Әлімхан Ермековке қатысты шағын толғамдар һәм қазақ тілі мен руханияты төңірегіндегі бірнеше мақала бар.

Жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы томдар – тұтасымен мемуар. Қаламгердің жеке басы емес, көрген, білген, алдынан өткен, қатарлас жасаған белгілі тұлғалар туралы. «Естеліктер кітабы» аталады. Үлкендерден бастап айтсақ – өзі дәрісін тыңдаған Мұхтар Әуезов, игілікті ғылыми жетекші – Бейсенбай Кенжебаев, ықыласына бөленіп, қамқорлығын көрген Мәлік Ғабдуллин, Әлкей Марғұлан, Ғабит Мүсірепов, Ілияс Есенберлин, Нығмет Ғабдуллин, қатарлас жасаған Әбіш Кекілбаев, Мұқағали Мақатаев, Сайын Мұратбеков, Жүмекен Нәжімеденов, Тұманбай Молдағалиев, Кенжеғали Сағадиев, Мағауия Сембай және басқа да атпал тұлғалар қамтылған. Сондай-ақ, жастары үлкен, таныған һәм біліскен, жақсы қатынаста болған Гүлнар Дулатова, Әди Шәріпов, Темірғали Нұртазин, Өтебай Қанахин, Ләйла Әуезова, Әбдірәшит Ахметов, Әйткеш Толғанбаев, кейінгі іні Жәнібек Кәрменов туралы толымды естеліктер.

Бұл қатарда соңғы жиырма алтыншы томның бір ерекшелігі – балалық шақ туралы «Балақан» атты роман-мемуар. Сонымен қатар, осы ақырғы томда жазушының жеке басына қатысты ғұмырбаяндық деректер, бұрынғы-соңғы жазылған шығармалардың хронологиялық тізбесі, түпнұсқада және әрқилы аудармаларда шыққан кітаптар көрсеткіші және «Толық жинақтың» әліпби тізбесі берілген.

Анығын айтқанда, академиялық басылым дәрежесінде, тұтас бір ғылыми-зерттеу институтының тынымды шаруасы есепті.

Атап айту керек, Мұхтар Мағауин шығармаларының жиырма алты томдық «Толық жинағы» бүгінгі Алаштың біртуар азаматы Ерлан Әшімнің тікелей демеушілігімен жүзеге асып отыр. Ешқандай сұрау, өтінішсіз, өз тарабының құрмет, ықыласының нәтижесінде. Қазақ руханиятының тарихында қалар өзгеше оқиға дер едік. Мұханның «Қаз тойғанына емес, орғанына семіреді» дейтін сөзі бар еді. Ерлан бауырының танымына, ұлтшылдық, мемлекетшілдік кең өрісіне, тәуелсіз өр мінезіне мейлінше риза болды. Баба Қазақтың ең үлкен батасын айтып отыр: «Тәңірі жарылқасын! – деді – Тәңірі жарылқасын! Үй-орманы, бүткіл әулетімен өсіп-өніп, бар мұратына жетсін!» – деді.

Прозашы, ғалым зерттеуші, әдебиет сыншысы, тарихшы Мұхтар Мағауиннің жиырма алты томдық «Толық жинағының» жарыққа жетуі – қаламгердің шығармашылық ғұмырбаяны ғана емес, қазақ әдебиеті, қазақ руханияты үшін үлкен оқиға, елеулі құбылыс деп білсек керек.

Едіге Мағауин

Мұхтар Мағауиннің жиырма алты томдық «Толық жинағына» тапсырысты ҚАСЫМ БАСПА ҮЙІНІҢ qasymkitap.kz сайты арқылы рәсімдей аласыз. «Толық жинақты» төменде көрсетілген мекен-жайдағы OQYRMAN | Qasym кітап дүкендерінің бірінен де таба аласыз.

Қарағанды

Бұқар жырау көшесі, 30

Язев көшесі, 11

+7 707 597 46 25

+7 701 757 48 72

Астана

Әбікен Бектұров көшесі, 1/2

+7 701 549 70 46

Алматы

Наурызбай батыр көшесі, 47

+7 701 419 19 75

Шымкент

Қонаев көшесі, 48

+7 701 813 95 74

Тараз

Төле би көшесі, 59

+7 701 757 64 11

Түркістан

Қожанов 26/2

+7 701 491 42 25